

Хромтау аудандық әкімдігінің және мәслихаттың 2010 жылғы 26 шілдедегі №150/196 "Хромтау қаласының көшесін қайта атау туралы" бірлескен қаулысы мен шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 қарашадағы № 267 қаулысы және Ақтөбе облысы Хромтау ауданы мәслихатының 2018 жылғы 28 қарашадағы № 255 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Хромтау аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 20 желтоқсанда № 3-12-193 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 31 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Хромтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ және Хромтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Хромтау аудандық әкімдігінің және мәслихаттың 2010 жылғы 26 шілдедегі № 150 /196 "Хромтау қаласының көшесін қайта атау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-12-122 болып тіркелген, 2010 жылдың 12 тамызында аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) бірлескен қаулысы мен шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бірлескен қаулысының және шешімінің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

""Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына, 31 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 5-1) тармақшасына және 2010 жылғы 20 шілдедегі Хромтау аудандық ономастикалық комиссиясының шешіміне сәйкес Хромтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ және Хромтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:"**.

2. "Хромтау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен қаулыны және шешімді Хромтау аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен қаулыны және шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бірлескен қаулыны және шешімді Хромтау аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулысы және мәслихататының шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Аудандық мәслихаттың сессия төрайымы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А. Бердалин

Г. Третьяк

Д. Молдашев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК